

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 16 қаңтар N 80

Мыс өндірісінің қаржылық жай-күйін тұрақтандыру және түсті металлургияны одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте:

"Балқашмыс" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысында аталған акционерлік қоғамның мемлекеттік акцияларының пакетін 1-қосымшаға сәйкес мүлікке айырбастау туралы мәселені қарасын;

1-қосымшаға сәйкес мүлікті Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне сату үшін берсін;

2-қосымшаға сәйкес "Балқашмыс" акционерлік қоғамының балансында тұрган әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін тұрган жері бойынша атқарушы органдарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте 1-қосымшаға сәйкес мүлікті сату жөнінде тендер өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі белгіленген тәртіпте жоғарыда аталған тендердің женімпаздарына Қонырат, Саяк, Тастау, Қаратас, Сарықұм, Бозшакөл, Көктау кен орындарының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізу құқығына арналған тиісті лицензияларды ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіпте тендер женімпазымен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған қажетті контрактілерді жасасын.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіпте жоғарыда аталған тендер женімпазына жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті құқығын ресімдесін.

6. Жезқазған облысының әкімі 2-қосымшаға сәйкес әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің шығынсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі нақты бағдарламаны әзірлесін.

7. 3-қосымшаға сәйкес құрамда осы қаулыны жүзеге асыру мәселелерін үйлестіру жөніндегі комиссия құрылсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

9. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Балқашмыс акционерлік қоғамын құру және мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 тамыздағы N 1118 қаулысының 5-тармағы, 6-тармағының үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтары;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 9 қыркүйектегі N 425 өкімі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 16 қаңтардағы

N 80 қаулысына

1-қосымша

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының құрамынан шығарылатын негізгі құралдар мен мүліктер

Конырат кеніші, оның ішінде:

кен орны

теміржол цехы

автотрактор участкесі

шарошты бұрғылау участкесі

тұрмыстық комбинат

жөндеу-механикалық база

электр жөндеу цехы

байланыс

завод басқармасы

Саяқ кеніші, оның ішінде:

Саяқ-1 кен орны

Тастау кен орны

мрамор өнімдерін шығаратын цех
жарылыс участкесі
теміржол цехы
жөндөу-механикалық цехы
бақылау-өлшеу аспаптары участкесі
басқарма
техжабдықтау
байыту фабрикасы
Шихта дайындау цехы
Мыс балқыту цехы
Мыс электролиздеу цехы
Күкіртқышқылды цех
Металлургия пештерін жөндөу цехы
Тазарту цехы
Эмаль өткізгіштер жасау жөніндегі цех
Жөндөу-механикалық заводы
Жылу-электр орталығы
Теміржол цехы
Автокөлік цехи (N330ЦМ цехымен)
Орталық энергия-жөндөу цехы
Құрылыс жөндөу-монтаждау басқармасы
Монтаждау-жөндөу цехы
Оттегі-компрессор цехы
Желілер мен кіші станциялар цехы (бөлік)
Жылусужабдықтау цехы (бөлік)
Ғылыми-зерттеу орталығы
Орталық лаборатория
Байланыс цехы
Бұргылаужарылыс участкесі
Құрылыс-монтаж басқармасы
Силикат кірпіші цехы
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету цехы
Акционерлік қоғам басқармасы
Газ қызметі
Профилакторий
"Балқаш" демалыс үйі

<*>

Қонақ үй кешені

<*>

Өрт күзеті
Күзет
Азаматтық қорғаныс
Жұмысшы жабдықтау басқармасы

<*>

Ескерту: Сатып алушымен келісім бойынша жалға беріледі

Мұліктік кешен:

Шилісай КБК
Көктау кеңіші
салынып жатқан Бозшакөл КБК

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 16 қаңтардағы
N 80 қаулысына
2-қосымша

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының жергілікті атқару
органдарының балансына берілетін әлеуметтік сала объектілері

Тұрғын үй-жөндеу
пайдалану басқармасы
Желілер мен кіші станциялар цехы (бөлік)
Жылусужабдықтау цехы (бөлік)
Шаруашылық цехы
Мектепке дейінгі балалар мекемелері
"Көгілдір толқын" пионер лагері
"Гренада" пионер лагері

Қоңырат кеңіші бойынша

Жөндеу-құрылыш цехы
Желілер мен кіші станциялар цехы

Жылусужабдықтау
Көгалдандыру
Тері өндеу жөніндегі цех
Клуб

Саяқ кеніші, оның ішінде:

ЖСЖ, ЖКСЦ
Қосалқы шаруашылық

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 16 қаңтардағы
N 80 қаулысына
3-қосымша

Комиссия құрамы:

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, төраға

Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі, төрағаның орынбасары

Андрющенко А.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары

Мазуренко В.П. - Балқаш қаласының әкімі

Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары

Молоканов А.А. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік

комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындары қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттіктің директоры

Смайылов Е.Б. - Жезқазган облысының әкімі

Фельд Е.Д. - "Қазкоммерцбанк" ААҚ-ы Басқармасы төрағасының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК